

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 шілдедегі N 1037 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы" (бұдан әрі - Академия) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) болып қ а й т а ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .

2 . М ы н а л а р :

1) кәсіпорын қызметінің негізгі мәні денсаулық сақтау және білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге енгізісін;

2) кәсіпорынды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, Әділет, Экономика және бюджеттік жоспарлау, Қаржы және Сыртқы істер министрліктерімен бірлесіп, Қожа Ахмед Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті (бұдан әрі - ХҚТУ) қызметінің шарттары туралы Түрік Республикасымен үкіметаралық келісімнің жобасын әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құрсын;

2) Академия студенттерін оқытуды аяқтау мақсатында ХҚТУ-ға "Педиатрия" және "Стоматология" мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиялар беру мәселесін қарасын;

3) медициналық мамандықтар бойынша босайтын білім беру гранттары есебінен қолданыстағы заңнамада белгіленген өлшемдерге сәйкес келетін ХҚТУ-ға және Қазақстан Республикасының басқа да жоғары оқу орындарына ауыстырылатын Академия студенттеріне білім беру гранттарын беруді қамтамасыз етсін.

